

*Мелонхолик* темпераментіндегі бала эмоционалды тұрақсыз, жылауық,қыңырлаққа бейім. Кішкене ренішті өте күйзеліспен қабылдайды. Сезімдерін ашық білдірмейді. Олардың балабақша жағдайына биімделуі қиын [6].

Қорытындылай келе, Темперамент – адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы. Бұл психикалық ерекшеліктер адамның барша іс-әрекетінде оның мазмұны, мақсаты және себеп салдарына тәуелсіз бір қалыпты көрінеді.

Балаларды мінез–құлқын жан–жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. Темперамент тәрбиесінде әрбір мұғалім И.П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы іліміне сүйенуі тиіс. Жас ұрпақ бойына батылдық, әділдік, мейірім мен қайырымдылық, ізеттілік пен қамқорлық сезімдерін сіңіруді әр ұстаз, әр пәнде сабақпен ұштастыра жүргізуі қажет. Жас бала - жас шыбық тәрізді қалай исең солай майысады. Сондықтан да әр кезеңде балаға тиісті көңіл бөлу керек екені заман талабы, тәрбие кепілі деп түсінуіміз керек.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, психологиялық және рухани–адамгершілік ахуалдың оң өзгеріске бет бұруы қуантарлық жағдай. Егер, мектепке дейінгі жастағы баланың темпераментін анықтау, дамытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолданылса, онда оқушылардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың бір құралына айналып, дүниетанымдары кеңейгенімен қатар, тәрбие деңгейлері де артар еді [7].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Валлон А. Психическое развитие ребенка СПб: Питер, 2001.
2. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Алматы 2012.
3. Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова. Балалар психологиясы, Алматы 2012.
4. Қ.Жарықбаев.Жантану негіздері. Алматы 2002.
5. Қ. Жарықбаев. Психология. Алматы: Білім 1993.
6. Қ. Жарықбаев. Жантану негіздері. Алматы 2002.
7. Төлегенов Ө. Оқытудың педогогикалық – психологикалық ерекшеліктері. Алматы 2000.

ӘОЖ: 81.362

#### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СУБСТАНТИВТІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР**

**Тумарбекова Асыл Қуанышқызы**

asyl\_tumarbekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Қоғаман байланыс» мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Мейрамбекова Л.К.

**Негізгі бөлім.** Адамзаттың ертеңі болашағымыздың сәулетті де нұрлы жарқын болуы – қоғамды алға жетелейтін құдіретті күш ғылым мен білімге байланысты. Қазақстан мемлекетіміз шет елдермен байланысы күннен күнге ұлғайып келеді. Қазақ елі басқа елдердің тарихын, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын білуге ұмтылса, біздің де мәдениетімізді, тілімізді, әдет-ғұрпымызды танып білгісі келетін елдер аз емес.

Тіл – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. Тіл – қай ұлтта, қай елде болсын қастерлі де құдіретті. Ол – әр бір адамға ана сүтімен еніп қалыптасады. Тіл байлығы әр бір елдің, ұлттың мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Өзінің жазуы, мәдениеті, елдігі бар халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Тіл – оның тіршілігінің тірегі. Тіл – оның басқа халықтармен терезесі тең екендігінің негізгі белгісі.

Тіл – адамзат баласы жасаған көркем ой қазынасы, әрі ғылым мен білімді барынша жинақтап, молынан сақтап отырған қоймасы. Фразеологизмдер – тіл атауларының бәріне тән құбылыс. Тілдердің, әсіресе, құрылымы әр түрлі туыс емес тілдердің фразеологизмдерін кешенді түрде салғастыра зерттеу – саластырмалы және салғастырмалы тіл білімінің қызықты, әрі келешегі мол саласы.

Ағылшын және қазақ тілдерінде кең таралған етістікті фразеологиялық бірліктер тобы, одан кейін субстантивті, яғни зат есімді және адъективті, яғни сын есімді фразеологиялық бірліктер және сөйлем құрылымды фразеологиялық бірліктер тобы болып табылады. Бүгінгі зерттеу субстантивті ФБ қызметіне арналады.

Субстантивті ФБ қызметі бойынша зат есімге сәйкес, яғни ФБ басыңқы сыңары зат есім болып табылады.

Екі тілдерге де тән берілген топ ішінде топшалар ажыратылады.

1 Adj + n құрылымды және сыңарлар арасындағы атрибутивті байланысы бар топша. Ағылшын тіліндегі аталған ФБ тән белгі екі сыңарларының өзара алмастырылуы болып табылады.

ағылш.: *single heart (mind); a kind (soft, sympathetic, warm) heart; a long (loose) tongue; a bad (biting, bitter, dangerous, venomous, wicked, shrewd) tongue; easy game (prey; Amer. meat); the full age; a tough egg; a weak sister; a bright spark; an early bird; black coat.*

каз.: *ақ сұңқар; ай қабақ; ақпа құлақ; бадырақ көз; қыпша бел; бұраң бел; қолаң шааш; сұмбіл шааш; жарық дүние; қаралы жсаулық; қанды ауыз; шұбар төс; шынжыр балақ.*

Not with standing her *warm heart* and truly Christian humility, Miss Langton had an intimate conviction of her own value....

«No», answered the Linnet, «I don't think he was distinguished at all, except for his *kind heart*, and his funny, round, good – humoured face» [1, 137].

The cashier was Martin's *black beast*, and his temper was a trifle short where the talker of platitudes was concerned [2, 93].

«Қарагөз 32-ақ жаста. *Қаралы жсаулық* салынып, *қызулы базар* есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын Қарагөз тіршілік базарында еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін».

«Бұл өзі (жорға Нұрым) жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атастырып, елді қан жылатумен *шынжыр балақ*, *шұбар төс*, *қанды ауыз* атанған бір жауыз еді».

Бірқатар жағдайларда сын есімнің орнына сан есім қолданылады, ал осы жағдай ФБ құрылымының өзгеруіне әкеледі (adj + n орнына num + n : *the fist comer; the ten commandments; алғашқы қарлығаш*).

Берілген құрылымды топшаларда атрибутивті (анықтауышты) ФБ келесі типтері ажыратылады:

1 Адъективті - есімді топты қиысу байланысты атрибутивті-препозитивті тип: *кәрі қыз; ащы тіл; ашық ауыз*;

«Ажар жиырма беске келсе де, әліде *ашық ауыз*».

Қазақ тіліндегі ФБ осы тобына ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің екі тобы сәйкес келетіні байқалды:

А) Қабысумен бірге атрибутивті – препозитивті типтің адъективті-есімді тобы.

ағылш.: *a big heart; a high mind; good nature; a strong man; the full age; a genuine article; young barbarians; a bad (evil, guilty) conscience; a clever (rood) conscience; a fair fish.*

«Wake up, Uncle Jennison, you *lazy dog*, Eddie called....».

They said I was *dirty dog*.

It may be a reference to Pickwick himself, who has most unquestionably been a criminally *slow coach* during the whole of this transaction.

Ә) n + n құрылымымен қабысумен бірге атрибутивті-препозитивті типтің субстантивті- есімді тобы: *publicity hound; family man; Sunday saint; lip service; boon companion; sugar daddy; an arm-chair critic.*

Бірқатар жағдайларда бірінші сыңары ретінде тәуелді септіктегі зат есім келеді: *the devil's spawn; mamma's (mother's) darling; Job's comforter*.

2 Атрибутивті-препозитивті қабысу типі: Осы типтің ФБ тән ерекшелігі синтаксистік жолмен басыңқы және бағыныңқы сыңарларының арасындағы байланыс болып табылады, яғни сыңарларының ретпен кезектесуі, берілген жағдайда басыңқы бағыныңқы сыңарынан кейін орналасуы.

Адъективті – есімді топ ажыратылады, мұнда бағыныңқы сыңарының қандайда бір морфологиялық өндеусіз сапалы сын есім ретінде болуы: *a cold heart; a soft mind; red blood; high blood; a bad actor*.

- The wheel comes full circle, - I remarked. - There was a time when the *black sheep* of the family was sent from my country to America; now apparently he's sent from your country to Europe [3,99].

It's England versus England, that's all. *Fair play* all round.... [4, 69].

II. n + n құрылымды топша. Ағылшын тілінде ФБ жалқы есімнің басыңқы және бағыныңқы сыңарлары ретінде қолданылуы болып табылады: *a Mark Tapley; King Log; lack Horner; a Miss Nancy; Colonel Chinstrap; Colonel Blimp; Mother Bunch*.

Ағылшын тіліндегі ФБ бағыныңқы сыңарының қандайда бір морфологиялық өндеусіз зат есім болып келетін субстантивті-есімді топпен қабысумен бірге атрибутивті-препозитивті тип тән: *afternoon farmer; animal spirit; publicity hound; calamity howler*.

...I can't imagine how you've managed it.

*An iron will* and the grace of God, - she said angrily.

...For some time she did like them captivated by the *fare and show* and animal spirits of this realm.

- Don't you ever get tired listening to those *calamity howlers*? – Eddie asked [5, 662].

Ағылшын тіліндегі ФБ осы тобына қазақ тіліндегі жоғарыда аталып кеткен қиысу байланысты адъективті – есімді атрибутивті – препозитивті тип сәйкестіріледі.

Қазақ тілінде меңгеру байланысты атрибутивті-постпозитивті тип ерекшеленеді, себебі бағыныңқы сыңары басыңқы сыңарына постпозицияда орналасқан және ФБ зат есімнің бір септігінде болады.

Осындай ФБ арасынан генетивті тармақты атап кету керек, осы жағдайда бағыныңқы сыңары ілік септігінде болуы: жердің кіндігі; жүректі жаулаушы.

«Өзін жердің кіндігі деп есептеуге дағдыланған ескі әдеттеріне арыла алмады».

Ағылшын тілінде осы тармаққа қа постпозитивті және қабысу атрибутивті-предложный тип сәйкес келеді: *a man of feeling; a flow of spirits; pests of society*;

III. n + prep + n құрылымды тармақ. Зат есімнің зат есіммен байланысуы подчинительный байланыс тәсілімен жүзеге асырылады. Осындай фразеологизмдердің екінші мүшесі ұлғаюы мүмкін. Ағылшын және қазақ тілдерінің екінші сыңарының ұлғаюы сын есімнің үлесінен болуы мүмкін (n + prep + adj + n); *the milk of human kindness; wolf in sheep's clothing; jackdaw in peacock's feathers; face-to face; бемне-бем; көзбе көз*;

Дегенмен, ағылшын ФБ ұлғаюы тәуелді есімдік үлесінен жүзеге асырылады: *a man of his word; a man of his hands; beam in one's (own) eye; the cut of smb's jib*.

«And Clare was a woman of her word» .

Presently a *fair slip of a girl*, about ten years old, with a *cataract of golden hair* streaming down over her shoulders came along.

Lanny broke in: «Oh, surely, Robby, she isn't like that. She's so gentle and kind, she's like a saint». Robbie turned upon the mother. «You see! *That snake in the grass*, imposing upon the credulity of a child».

Ағылшын тілінде n + prep + n құлымды ФБ жекеше түрде, сонымен қатар көпше түрде де қолданылады. Сыңарларының тығыз лексикалық байланыс күші тек зат есімге ғана емес, бүкіл ФБ сан категориясы тән жағдайды есепке алу керек: *pests of society – жалқаулар; babes (children) in the wood- ақ көңіл адамдар; ақ пейілді адамдар; ашық жарқын адамдар*.

Тек бірнеше ағылшын ФБ басыңқы сыңарының және бағыныңқы сыңарларының өзара алмасуы байқалады: *a heart of flint (stone); king (man) of clouts; babes' (children) in the wood; babe (baby, infant) in arms.*

Ағылшын ФБ осы типін тұдыру барысында келесі предлогтардың қолданылуы байқалады:

а) *of (ең көптаралған ФБ тобы): bag of wind; a heart of flint (stone); love of gain; a heart of oak; the cock of the school; a tower of strength; the baby of the family.*

I'd had a faith, till then, in gentlemen and scholars as *men of courage*, principle, and incorruptible integrity.

I'm not deaf, his mother said and put the pot back on the travel. «I know I'm nothing but and *old bag of wind* to her».

ә) *in: wind in' the head; dog in the manger; Jack in office; babes (children) in the wood; a cuckoo in the nest;*

б) *on: a beggar on horseback*

в) *for: a call for duty*

Сирек қолданылатын басқа да предлогтар: *an ass between two bundles (bottles) of hay.*

IV. Part I (II) + n топшасы: *meddling duchess; a doubting Thomas; a self-made man; curled darlings; a walking dictionary; a visiting fireman; a spent rocket; a walking corpse (skeleton); gilded youth; адасқан арман; үзілген үміт; қиылған арман;*

Isabel told her my name.

Oh? I remember, you came to Chicago once. Bit of *a stuffed shirt*, aren't you? [7, 291].

With a shaking hand she raised a glass to her lips.

«To hell with *stuffed shirts*», she said [8,168].

Could the public be induced to vote for him with all the churches fulminating against private immorality, hypocrites, and *whited sepulchers*? [7, 569].

IV. Салыстырылған екі тілге де тән n + and + n (зат есім + және + зат есім) құрылымды тармағы, ФБ компоненттерінің арасындағы салаласты байланыс байқалады.

ағылш.: *airs and graces and prism (prisms); bubble and squeak; milk and water; beauty and the beast; a stick and (or) a stone.*

қаз.: *шауу – шауу;*

....I don't believe she took their *airs and graces* any more seriously than she took the aches and pains of the characters in a novel.

Фразеологизмдерді салғастыра зерттегенде оларды құрылымдық – грамматикалық жағынан талдап қарастырудың мәні зор. Өйткені дәл осы зерттеудің нәтижелері салғастырылған тілдердің ерекше және ортақ қасиеттерін айқындауға септігін тигізеді. Әрине, әр тілдің өз фразеологизмдері бар, сонымен қатар, олардың тек өздеріне ғана тән құрылымдық жүйесі, ұлттық ерекшелігі, қолданылу жиілігі және даму тарихы бар.

Тілдердің бір-бірімен айырмашылығы олардың морфологиялық жүйесінен көрінетіні бәрімізге мәлім. Құрылымы әр түрлі туыстас емес ағылшын және қазақ тілдерінің фразеология саласындағы морфологиялық құбылыстарды жан - жақты салғастыра қарастыру - әр тілдің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен екі тілде де кездесетін ұқсастық немесе ортақтықты айқындап, анықтауға мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мамулия Э. В. Идиоматические выражения в турецком языке (в сопоставлении с грузинским): Автореф. дис. ...канд. филол.наук. – Тбилиси, 1971. -18с.

2 Дашдаваа Д. Сопоставительное исследование фразеологии в русском и монгольском языках (на материале переводов М. Горького на монгольский язык): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. –Улан-Батор-Москва, 1973.-21 с.

3 Амосова Н. Н. Основы английской фразеологии: Автореф. дис. ...докт. филол. наук. –Л.,1962.-27 с.

- 4 Стернин И. А. Проблемы анализа структуры значения слова. – Воронеж: Издательство Воронежского ун-та, 1979. -156 с.
- 5 Словарь иностранных слов/Под ред. И. В.Лехина и Ф. Н. Петрова. 4-е изд., перераб. и доп.-М.: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1954.-853 с.
- 6 Английская романтическая проза (на английском языке). Составитель
- 7 Дьяконова, Н.Я. Стивенсон и английская литература XIX века / Н.Я. Дьяконова. - Ленинград: Изд-во Ленингр. ун-та, 1984. - 278 с.